

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 286 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 ақпанда № 2963 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж. Төлеген) 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін көзделген қаржыландыру жоспары шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Түпқараған аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А. Утесбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Түпқараған ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Асауов

Түпқараған ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "31" желтоқсан
№ 286
қаулысына қосымша

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққандағы бір айдағы мөлшері(теңге)									
		Балабақша (мемлекеттік / жекеменшік)	Мектеп жанындағы толық күн болатын орталық	Мектеп жанындағы жарты күн болатын орталық	Дербес толық күн болатын орталық	Дербес жарты күн болатын орталық	Балабақша (мемлекеттік / жекеменшік)	Мектеп жанындағы толық күн болатын орталық	Мектеп жанындағы жарты күн болатын орталық	Дербес толық күн болатын орталық	Дербес жарты күн болатын орталық
1	1-ден 3-ке дейінгі топтар	175	125		100		29 158	14 990		29 158	
2	4-тен 5-ке дейінгі топтар	290					25 402				
3	6-дан 7-ге дейінгі топтар	980					24 755				